

Ағымдағы жылдың 27.01.2026 ж Ақтөбе облыстық ғылыми-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған **«Жасанды интеллектіні мектепке дейінгі ұйымдарда енгізудің жолдары»**тақырыбында облыстық семинар өтті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері педагогика ғылымдарының магистрі Искендинова Аяш Абдимаханова және тақырыбында «BILIM QAZYNA» КММ бөлім меңгерушісі Ерекеева Күнсауле Исламғалиевна жасанды интеллектіні мектепке дейінгі ұйымдарда енгізу семинарға келген қонақтарға дәріс берді.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Гульжан Тынышовна Амирова Жасанды интеллект -мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тиімді енгізілсе, баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін инновациялық құрал. Ол оқу-тәрбие процесін жаңғыртып педагогтің шығармашылық әлеуетін арттырады, балалардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Жасанды интеллект технологияларын сауатты қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымдар жаңа білім беру моделіне қадам жасап, тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру оразан зор үлесін қосатыны туралы сөз қозғады.

№3 «Ертегі» бөбекжай балабақшасының музыка жетекшісі Каримова Галима Амиржановна «VR технологиясымен жасанды интеллект арқылы балалардың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында музыка жетекшісі ұйымдастырылған- іс әрекеттерінде балалардың қызығышылығын арттыруда түрлі-әдіс тәсілдерді көрсетті.Көзілдірігін әр балаға кигізіп жайлауда жүрген үй жануарларының қасында жүргендей сезілетінін және де балалар сурет салғанда суреттері жанданып музыка сол суретке қарай судың,желдің,күннің шуағының дыбыстары естілетінін көрсетті.

№36«Балақай» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Хамзина Бақсулу Еркиновна «AR технологиясы негізіндегі сөйлейтін 3D текше» педагогтерге ұйымдастырылған-іс әрекеттерінде текшелерге орналасқан мамандықтар туралы айтып өтті. Кюар код арқылы мамандықтардың суретіне басқанда сол маман иесі туралы мағлұмат беретінін айтып өтті.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі Айтқалиева Сандугаш Муратовна «Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жасанды интеллектінің мүмкіндіктері мен қолдану жолдары» туралы айтып өтті. Жасанды интеллект арқылы тәрбиеші-бала-технология.Жасанды интеллект ақылды робот және балалардың ойлау қабілеті,қызығушылығы артады,логикасы дамитынын туралы айтып өтті. Суреттер берілді сол сурет бойынша тақпақ құрастырып,ЖИ арқылы тақпақтың дұрыс құрылымын көрсетті.

№29 «Арай бөбекжай-балабақшасының әдіскері Аманғосқызы Әсемгүл, «Жасанды интеллект-болашақтың көмекшісі» Жасанды интеллектінің пайдаланудың жолдары әр чаттардың көмекші құрал ретінде пайдалануға болатынын және де суретті жандандырып қимыл іс -әрекет жасауға күз мезгілінің суретін жандандырып өлең шумақтарын жасауға болатынын айтып өтті.

№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Урынбасарова Ақалтын Хайруллиновна «Мектепке дейінгі ұйым педагогының медиа сауаттылығы : цифрлық

ортадағы кәсіби қызметі» Педагогтардың медиа сауаттылығы және цифрлық ортадағы кәсіби қызметі туралы түсінік беріп кетті.

№ 17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Кунакбаева Алия Бакытовна, «Искусственный интеллект в детском саду: новые возможности для педагога» педагогтерге ЖИИ ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қолданудың жолдарын көрсетті.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы Щербина Ольга Леонидовна «Применение искусственного интеллекта в организации здоровьe сберегающей среды в дошкольной организации» дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерін балалармен ЖИ пайдаланып көңілді және әсерлі етіп жүргізуге болатынын көрсетті.

№ 25 «Ерке» бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Сагындыкова Алия Бакытовна, «Искусственный интеллект в музыкальном воспитании дошкольников: помощник педагога и зона ответственности» тақырыбында музыка жетекшісі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қандай әдіс-тәсілдер қолданылатынын және бірнеше ойындарымен тәжірибе алмасты.





